ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 22 мамыр №5165-23-00-2/848 іс Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Ғ.Ә.Бектаевтың,
сот отырысының хатшысы Ж.Ермекбаеваның қатысуында ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Жетісай жоғары медицина колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер «Handmade_Merei» - Шайбек Мерей Шалғынбекқызы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

«Жетісай жоғары медицина колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (ары қарай – Кәсіпорын) мен дара кәсіпкер (ары қарай - ДК) «Handmade_Merei» - Шайбек Мерей Шалғынбекқызы арасында жуу құралдарын жеткізуге 2023 жылдың 9 ақпанында №9 санды келісім шарты түзілген.

Тараптар арасында түзілген мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шартта көзделген өз міндеттемелерін жауапкер орындамағанын көрсетіп, талап қоюшы соттан жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрады.

Жауапкерден жазбаша түрде қарсы пікір түспеді.

Сотқа талап қоюшы өкілінен талап қоюды қолдайтыны және істі өзінің қатысуынсыз қарау туралы арыз түсті.

Сот отырысының орны мен уақыты тиісті түрде хабарланғанымен жауапкер сотқа келмеді, өзінің келмей қалуының дәлелді себептерін хабарламады, сотқа талапқа қарсы дәлелдемелерді алып келмеді және істі өзінің қатысуынсыз қарауды сұрамады.

Құжатқа қол қойылған: Бектаев Ғ. Ә., 22.05.2023
Заңды күшіне енген күні: 23.06.2023, судья Бектаев Ғ. Ә., 27.06.2023
5165-23-3-1/925

Қазақстан Республикасы азаматтық процестік Кодексінің (ары қарай - АПК) 196-бабы негізінде сот жауапкердің келмеу себептерін дәлелсіз деп танып, істі тараптардың қатысуынсыз қарады және АПК-нің 281-бабына сәйкес сот отырысының хаттамасы жүргізілмеді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы азаматтық Кодексінің (ары қарай - АК) 272, 273-баптарына сәйкес міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс. Міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын өзгертуге жол берілмейді.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу» туралы 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V санды Заңының (ары қарай - Заң) 12-бабының 4-тармағы 3-тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алулар туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3)-тармақшасында көрсетілген жағдайда, жиынтығында мынандай: 1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі; 2) шарттық міндеттемелерді толық орындау; 3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы шарттары қанағаттандырылатын жағдайларды қоспағанда, тапсырыс беруші өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өзіне белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қойып сотқа жүгінуге міндетті.

Шарттың №1-қосымшасына сай жауапкер тауарды ақпан-сәуір айлары арасында немесе 20 жұмыс күн ішінде, яғни 2023 жылдың 11 наурызына дейін жеткізуге міндеттеме алған.

Сотта нақты анықталғаны жауапкер міндетіне алған тауарды осы күнге дейін жеткізбеген.

Істің осы жағдайында жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану жайлы талап негізді болып табылады.

АПК-ң 109-бабының 1-тармақтары негізінде жауапкерден талап қоюшы пайдасына 1 725 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226- баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Құжатқа қол қойылған: Бектаев Ғ. Ә., 22.05.2023
Заңды күшіне енген күні: 23.06.2023, судья Бектаев Ғ. Ә., 27.06.2023
5165-23-3-1/925

Кәсіпорынның талап қоюы толық қанағаттандырылсын.

ДК «Handmade_Merei» - Шайбек Мерей Шалғынбекқызы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

ДК «Handmade_Merei» - Шайбек Мерей Шалғынбекқызынан Кәсіпорын пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге наразы жақ АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья **Бектаев Ғ.Ә.**

Құжатқа қол қойылған: Бектаев Ғ. Ә., 22.05.2023

Заңды күшіне енген күні: 23.06.2023, судья Бектаев Ғ. Ә., 27.06.2023

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство

5165-23-3-1/925